

Михал Биранның «Қайду және Орталық Азияда тәуелсіз Моңғол мемлекетінің өрлеуі» атты еңбегі. Ричмонд, Суррей: Curzon Press, 1997 (ISBN 0-7007-0631-3)

Жарияланым келесі жоба аясында дайындалған: BR18574101 «Араб, моңғол, парсы, қытай және түркі деректері бойынша Шағатай, Қайду және Моғолстан ұлыстарының этносаяси тарихы».

Әлия Болатхан



Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институты, Астана, Қазақстан
*e-mail: a7770154191@gmail.com

МИХАЛ БИРАННЫҢ «ҚАЙДУ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА ТӘУЕЛСІЗ МОҢҒОЛ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ӨРЛЕУІ» АТТЫ ЕҢБЕГІНЕ ШОЛУ

Шыңғыс ханның шөбересі, Үгедейдің немересі Қайду (1236-1301) Ұлы Моңғол хандарының бірі болып есептеледі. Қай тілде болмасын, Қайду ханның қайраткерлігі мен оның құрған мемлекетінің тарихы бойынша арнайы зерттеулер, тіпті тақырыпқа қатысты дереккөздердің тапшылығы орын алған. Сонымен қатар, айналымдағы түсініктер біржақтылықпен ерекшеленіп, ұзақ уақыт бойы Қайду тарихта «бүлікші хан» ретінде бейнеленіп келген. Өз кезегінде, Михал Биранның «Qaidu and the Rise of the Independent Mongol State in Central Asia» (Қайду және Орталық Азияда тәуелсіз Моңғол мемлекетінің өрлеуі) атты еңбегі осы бағытта ғылыми білімді толықтырған маңызды зерттеу болып табылады. Бұл еңбек, сонымен қатар, XIII ғасырда Орталық Азияның саяси алаңында елеулі рөл атқарған Қайду ханның өмірбаянын қарастырған алғашқы ғылыми жұмыс деп саналады.

Михал Биранның бұл ғылыми еңбегінің ағылшын тілінде жарық көргеніне үш онжылдықтан астам уақыт өтсе де, қазақстандық оқырман қауымның көпшілігі онымен әлі күнге дейін таныс емес. Мұны бүгінгі таңда Қайду туралы қазақ тілінде қолжетімді ақпараттың тек энциклопедиялық анықтамамен ғана шектелуінен көруге болады. Яғни, қазіргі қазақ тілді ізденуші Қайду тарихы туралы қандай да бір түсінік алғысы келсе, ақпарат тапшылығына тап болып, кеңестік кезеңде жарық көрген зерттеулерге сүйеніп құрастырылған Ұлттық энциклопедиядағы шағын анықтама [2, 256]

және әдеби-көркем журналда шыққан бір жарияланымды [3] қанағат етуге мәжбүр болады. Осы жағдайға байланысты, Михал Биранның «Қайду және Орталық Азияда тәуелсіз Моңғол мемлекетінің өрлеуі» атты еңбегіне қазақ тілінде шолу жасау қажеттілік бар деп есептей келе, тақырып бойынша ғылыми негізді ақпарат таратуға үлес қосуды жөн көрдік.

Атаулы кітап жарық көргеннен кейін көптеген ғалымдар тарапынан оң пікірлерге ие болып, жоғары бағаланған зерттеу болды. Бұл пікірлер М. Биран еңбегін моңғол тарихын зерттеу саласында ең аз көңіл бөлінген тақырыптардың бірі ретінде түсінуге елеулі үлес қосатын жұмыс ретінде атап көрсеткен [4].

«Қайду және Орталық Азияда тәуелсіз Моңғол мемлекетінің өрлеуі» атты еңбегінде автор Үгедей ханның немересі Қайдуды Моңғол империясы тарихындағы маңызды тұлғалардың бірі ретінде қарастыру қажеттігін еске салып қана қоймай, осы бағытта қалыптасқан көптеген мәселелерді қайта саралау керектігін де ашып көрсетеді. М. Биран еңбектің басты артықшылығы ретінде «ұзақ уақыт бойы тарихшылар тарапынан назардан тыс қалып келген аймақ пен оның билеушісі туралы арнайы зерттеуді ұсыну» деп жазады. Оның айтуынша, бұл ғылыми еңбекке дейін моңғол мемлекеттерінің тарихы бойынша көптеген зерттеулер жүргізілгенімен, Орталық Азия территориясындағы Үгедей ұлысының ұрпақтарына жеткілікті мән берілмеген.

Яғни, бұл кітапта Михал Биран, тіпті ортағасырлық көптеген тарихи жазбаларда

санатта көрсетілген Қайду ханды өз зерттеуінің басты кейіпкері ретінде қарастырады. Сонымен қатар, Қайду кезеңіндегі моңғол басқару жүйесінің күрделілігі мен аймақтық ерекшеліктерін ашып көрсетіп, Моңғол империясының саяси құрылымын түсінуде жаңа көзқарас ұсынады.

Михал Биран өз зерттеуінің ерекшелігі ретінде Қайду ханның атқарған рөлі, оның тұлғалық және саяси ұстанымдары мен әрекеттеріне қатысты танымал түсініктерді қайта қарастыруға ықпал ететін тұжырымдарды ұсыну деп белгілеген. Мәселен, Құбылай ханның орталықтандыру жүйесі мықты Юань империясына қарсы шыққан күштердің басшысы ретінде сипатталып келген Қайдуды Үгедей ұрпақтарының билігін қайта нығайтуға ұмтылған тәжірибелі стратег ретінде қарастыру. Бұл, өз кезегінде, Моңғол империясының ішкі динамикасын тереңірек қарастырып, Қайдудың қарсылық білдіру әрекеттерін оның жеке амбициялары мен Үгедей мұрасын сақтап қалу мақсаттарының тоғысында түсіну қажеттілігін көрсетеді деп тұжырымдайды.

М. Биран Орталық Азиядағы тәуелсіз Моңғол мемлекетінің қалыптасу жылдарындағы ішкі басқару жүйесін зерттеуді мақсат ете отырып, Қайдудың моңғол әлеміндегі ықпалына баға беріп, Үгедей ұлысының өз күшін жоғалту тұсындағы тарихын тереңірек қарастыруға тырысқанын айтады. Сонымен қатар, Қайдуға қатысты «шынымен ол Ұлы Хан болуға ұмтылды ма?» және «оны шынайы көшпенді өмір құндылықтарының қорғаушысы ретінде қарастыру орынды ма?» деген сұрақтар төңірегіндегі көзқарастарды қайта қарастырады.

Зерттеу жұмысының салмағын арттыратын маңызды аспектілердің бірі – қолданылған дереккөздердің кешенділігі. М. Биран зерттеу барысында Қайдудың Моңғол империясындағы рөлін түсінуге тырысып, оның өмір баянын толық қамтамасыз ету мақсатында империяның өзге бөліктерінде (мәселен Төле ұрпақтарының Парсы және Қытай жерлеріндегі мемлекеттерінде) жазылған дереккөздерден, сондай ақ Мәмлүктер кезеңіндегі Мысыр немесе еуропалық және басқа да саяхатшылар жазбаларынан мағлұматтар жинаған.

Автор Қайду және Орталық Азия аймағындағы моңғол мемлекетінің тарихы бойынша дереккөздердің тапшылығын атап көрсете келе “бұл өз кезегінде, сол кезеңде Парсы немесе Қытайдағы өзге Моңғол мемлекеттерінде ұқыптылықпен жүргізілген тарихи хроникалармен салыстырғанда аса өткір сезіледі” деп, ғылыми жұмыста пайдаланылған дереккөздерін келесідей сипат-

тайды: “Қайду билігі үстем болған аймақта жазылған жалғыз жұмыс – XIV ғасырдың басында Қашғарда жазылған Жамал Қаршидің «Мулхақат ал-сурах» (Jamāl Qarshi’s Mulhaqat al-ṣurāh) атты еңбегі. Бұл кітап бастапқыда Қаршидің Әбу Наср әл-Жаухаридің (Abu Nasr al-Jawhari) әйгілі сөздігін араб тілінен парсы тіліне аудармасының түсініктемелеріне қосымша ретінде жазылған. Онда Орталық Азиядағы түрлі әулеттер, соның ішінде моңғолдар туралы тарихи ақпараттар (көрнекті деп танылған шейхтар мен ғалымдардың өмірбаяндары, қалалар жайлы мәліметтер) берілген. Материалдардың қандай да бір бөлігі аңыз тектес болып келгенімен, Қарши маңызды хронологиялық және тарихи деректер ұсынады. Дегенмен, Қаршидің бұл еңбегінің болмыстық сипаты анықтамаға қосымша болумен шектеледі және жүйелі хронологиялық түсінікті қамтамасыз ете алмайды.

Қайду өмірі және оның Моңғол империясы мен Орталық Азияның тарихындағы рөлін түсіну үшін өте маңызды парсы дереккөздері ретінде Рашид әд-Диннің «Жамиғ ат-тауарих» (Rashid al-Din’s Jāmi al-tawarikh) және «Тарих-и Вассаф» (Ta’rikh-i Waṣṣaf) еңбектері танылады. XIV ғасырдың басында жазып аяқталған бұл дереккөздерде Қайду әртүрлі көрсетілген: Рашид әд-Дин Қайду жетістіктерін мойындай отырып, оны «Жасақ» заңын бұзушы «бүлікші» ретінде бейнелесе, Вассаф мүлде басқаша сипаттаған. Вассаф 1257-1328 жылдар аралығын қамтуға бағытталған бұл жұмысын ұлы парсы тарихшысы Мұхаммед Жуайнидің (Juwaini) әйгілі еңбегінің жалғасы ретінде көргісі келген. Сондықтан, негізінен Иранға қатысты еңбегінде Орталық Азиядағы моңғолдарға да елеулі орын бөлген. Қайду қазасынан кейінгі Орталық Азияда орын алған өзгерістерді түсінуде Вассафтың жазбаларымен қатар Қашанидің «Тарих-и Улджайту» (Qāshānī’s Ta’rikh-i Ūljāitū) еңбегі ерекше маңызға ие. Ал, кейінгі парсы дереккөздері арасынан XIV ғасырдан кейін жазылған Мирхванд (Mirkhwand) еңбегі аса маңызды, өйткені ол оған дейін жазылған деректерде кездеспейтін Қайдуга қатысты ақпараттарды қамтиды.

Алайда, зерттеу жүргізуде дереккөздердің шектеулері мен кемшіліктерін ескеру маңызды толық ескеру маңызды. Мысалы, Парсы және Қытай жазбалары Қайдуды бүлікші әрі жау ретінде қабылдаған адамдардың күшімен жазылған. Әсіресе, бұл қытай деректеріне тән, өйткені олар Қайдуга қатысты өз елдеріндегі жағдайға ықпал еткен көзқарас тұрғысынан ақпарат берумен шектеледі. Қытай деректері арасынан Қай-

ду тарихын зерттеуде маңызды деп «Юань ши» (Yuán Shì) еңбегін атап көрсетуге болады. Жалпы, Қайдуға қатысты жазбалар жазуда қандай да бір мүдделердің ықпалынан алыс деп қарастыруға болатын өзге дереккөздер болғанымен (мәселен, мәмлүк не армян мәтіндері) оларда берілген тақырыптық ақпараттар өте аз. Құнды тарихи мағлұмат көзі болып табылатын тағы бір дереккөз – ол Қайду хандығына бір тарау арналған Марко Полоның жазбалары. Сол заман саяхатшылары үшін Қайду иелігі көптеген өтпелі аялдама орындарының бірі болғандықтан оның да шектеуліктері жеткілікті».

М. Биранның академиялық нақтылықты ұстанудағы тыңғылықтылығы зерттеу жұмысының барлық бөлімдерінде қатаң байқалады. Қайдудың әскерінің құрылымы, одақтастары мен саяси айлалары бойынша егжей-тегжейлі талдау ұсыну арқылы оның мақсаттары мен стратегиялары туралы түсініктік тұжырымдар береді. Мысалы, Қайдудың өз әскерін ұйымдастыруда дәстүрлі ондықтарға бөліп басқару жүйесін қалай қолданғанын зерттеуі моңғол әскери басқару тәжірибелерінің жалғасқанын және жағдайлардың өзгеруіне байланысты бейімделу тәжірибелерінің қатар қолданылғанын көрсетеді. Тағы бір мысал ретінде автор Қайдудың өзге ханзадалармен қарым-қатынастарына терең шолу беріп, олардың күрделілігін ашуға ұмтылады. Мәселен, Шағатай ұлысының өкілі Дува хан мен Қайду ара қатынастарын сипаттау арқылы орын алған одақтастық пен бәсекелестіктердің сол кезеңдегі Орталық Азияның саяси алаңына қалай әсер еткенін көрсетеді.

Сонымен қатар, кітап қызықты мәліметтерге толы. Мәселен, Қайдудың болмысын түсінуге әсер ететін оның қыздарының тағдыры (батыр қыз Кутулун және оның бақытсыз әпкесі Кутучин) көрсетілген. Қайду Кутулунға өзінің әскери жорықтарына қатысуға рұқсат беріп, оның шеберлігін көптеген генералдардан асып түсуге дейін шыңдауға мүмкіндік жасаған, әрі оған өз күйеуін таңдауға еркіндік берген. Ал ерте үйлендіріліп, жүкті кезінде өз күйеуінің соққысынан қаза тапқан Кутучин үшін кек алу тиімсіз деп шешкен. Қысқаша айтқанда, Кутучин жүкті кезінде күйеуінің бір күңмен көңілде екенін біліп қойып, онымен ұрыс шығарады. Жанжал барысында күйеуі аяғы ауыр ханшайымды қатты тістеп, кенеттен өлтіріп алады. Ақырында, күйеу баласы шынжырға байланған күйде Қайдудың сарайына жеткізіледі. Қайдудың ұлдары әпкелері үшін кек алып, оны өлтіруді талап етеді. Алайда, Қайду бұл шешім марқұм Кутучинді

қайтармайды және пайдасы жоқ деп, оны өлтірудің орнына күйеу баласының әкесі – құдасының Қайду әулетіне бұрын көрсеткен маңызды қызметтері үшін босатуды ұсынады. Осылайша, күйеу баласына 100 дүре соғып, ұлдарының талап етуімен «Кутучиннің орнын бөтен адам баспасын» деп оған Қайдудың басқа бір қызын қосады.

Биран Кутулун оқиғасын Қайдуды отбасындағы әйелдерге көп еркіндік берген көшпелі көсем ретінде қарастыруға мүмкіндік берсе, ал оның әпкесінің тағдыры оның басқа моңғол билеушілерінен еш айырмашылығы жоқ прагматикалық тұлға екенін көрсетеді деп пайымдайды.

Қорытындысында, М. Биран Қайдуды идеологиялық жауынгер емес, реалист және білгір саясаткер әрі тамаша сарбаз ретінде көрсетеді. Оның қызметі мен күрестерін ұзақ уақыт бойы ыдырау үрдісінде болған Моңғол империясының күлдырау жағдайы мен 1251 жылы Мөңкенің Ұлы хан ретінде таққа көтерілуінен кейін соққы алған Үгедей шаңырағының беделімен байланыста қарастыру керек. Моңғол империясында Төле әулетінен шыққан Мөңкенің үздіксіз қудалаулары әсерінен Үгедей ұрпақтарын өздерінің көптеген әскерлері мен территориялық аймақтарынан бас тартуларымен аяқталды. Осындай жағдайларда Қайду Үгедей әулетінің беделін қайта жандандыру мақсатында белсенді қадамдар жасап, күрес жүргізеді. Әсіресе, 1260-1264 жылдардағы Құбылай мен Арық Бұға арасындағы күрес Қайдуды шешуші қадамдар жасауға итермелейді. Бұл күресте Құбылайдың жеңіске жетуінің құны империяның алдағы уақытта жекелеген ықпал ету аймақтарына бөлінуіне алып келді. Сол кездегі негізгі әскери күштердің басшылары: Мөңке – Алтын Орда ханы, Иран мен Алдыңғы Азияны иеленген Құбылайдың бауыры Құлағу, және Орта Азияны алған Шағатай шаңырағының өкілі Алғұ.

Қайду тұрғысынан алғанда, бұл күрес үш маңызды салдармен аяқталды: біріншіден, империяның мұндай бөлінуі Үгедей ұрпақтарына ештеңе әкелмеді, өйткені барлық енші Алғұға берілді; екіншіден, Құбылай мен Арық Бұға арасындағы бәсекелестікті тиімді пайдалану арқылы Алғұ жаңадан басып алған территорияларды заңдастырып алады. Бұл нәтиже Алғұды өзге ұлыстар басшыларымен қатар қойып, Шағатай әулеті өкілдерінің Мөңкенің таққа көтерілуінен кейін жоғалтқан беделін қайта қалпына келтірді. Үшінші салдар – астананың Қарақорымнан Қытайға көшірумен Орталық Азияның тікелей Ұлы Хан бақылауынан кетуі болды.

Осы салдарлар жиынтығында қалыптасқан жағдай Қайдуды әрекет етуге итермеледі. Оның ең басты жаулары Шағатай ұлысының ұрпақтары болды: Алтын Орда патронажымен ол Алғұға, кейін оның мұрагері Бораққа шабуыл жасады. Бұл жерде Арық Бұғаның Құбылаймен таққа таласы жолындағы күреспен байланыстылығына тоқталып өту маңызды. Тақырып бойынша зерттеулерде Арық Бұға мен Қайдуды байланыстыра қарастыру жөнді болып көрінгенімен, оны түсіндіруде маңызды ерекшеліктерді ескеру қажет. Қайду көтерілісін Арық Бұға күресінің жалғасы ретінде қарастыруға болады, егер мәселе Моңғол империясының ыдырау үрдісі контекстінде қойылса. Дегенмен, Қайду мен Арық Бұға ортақ мақсат пен идеологияны ұстанғандықтары белгісіз. Мәселен, Қайду Арық Бұғаны қолдауға кешігіп қосылған. Сонымен қатар, Қайдудың басты жақтастары ретінде қарастырылған кейбір тұлғалар Арық Бұға мен Құбылай күресінде кейінгісіне жақтас болған. Мысалы, ұлдары кейін Қайду мемлекетінде маңызды рөл атқаратын Үгедей ұлы Қадан немесе Күйік ханның баласы Хуку. Арық Бұға мен Қайду күрестерінің табиғаты да өзара ұқсастыққа ие емес: біріншісі ірі шайқастар қатары болса, ал екіншісі баяу, бірінбірі жалғастырып отыратын үздіксіз шекаралық соғыстар, яғни мақсаттары әртүрлі. Сондықтан, Арық Бұға көтерілісі мен Қайду көтерілісінің ортақ идеологиялық негізі болды деп айту қиын.

Қайду ықпалының нығаюының шешуші оқиға 1269 жылғы құрылтай емес, керісінше 1270 жылы орын алған Герат маңындағы шайқаста Борақтың жеңіліс табуы болды. Өйткені, Борақ қазасынан кейін Қайду Шағатай ұрпақтары арасында орын алған дүрбелең кезенді тиімді пайдаланып, оларды өз билігіне бағындырды. Осы жағдайдан кейін 1271 жылы хан ретінде таққа көтеріліп, өзінің мемлекетінің құрылуын танытты. Негізінен алып қарағанда, Қайдудың өз мақ-

саттарында күрес жүргізу қайраткерлігі Ұлы хан беделіне нұқсан келтіріп, Моңғол империясындағы күштер арақатынасын өзгертуге және оның ыдырау үрдістерін жеделдетуге ықпал еткен.

Б. Биран бұл ескеру керек бір нәрсе ретінде Қайду Ұлы хан (Qa'an) емес, Хан (Khan) деп таққа көтерілген деп көрсетеді. Және оның хандыққа көтерілуіне дейін де, одан кейінгі қайраткерлігінде де мұрат-мақсаттары Ұлы хан болу емес, жергілікті сипатқа бағытталған деген тұжырымға келеді. Басқаша айтқанда, Қайду өз билегін заңдастыру ұмтылысында өзін Үгедей ұлысының ұлы хандарының мұрагері ретінде таныстырғанымен, оның әрекеттерін талдау нәтижесінде келесі нәрсені аңғаруға болады дейді: ол бүкіл моңғол әлемін билеуді емес, өзінің мемлекеттігін қалыптастыруды қалаған. Оған мысал ретінде Қайду билігінің дүркіреп тұрған дәуірінде оның Алтын Орданы аға серіктес деп тануы және Құбылайдың жиені Елхан мемлекеті билеушісі Абақамен достық байланыс орнатуға ниеттенуін көрсетуге болады. Ал оның мемлекеттілігін нығайтып алғаннан кейін орын алған Ұлы ханмен қарсыластықтары шекаралық соғыстарға байланысты болған деп пайымдайды.

Автор өзінің еңбегін келесідей қорытындылаумен аяқтайды: «Қайду бейнесін сипаттауы келесідей Үгедей ұрпақтарына мемлекет орнату ұмтылысында кезіккен қиындықтар зор еді, өйткені Мөңкенің әрекеттері салдарынан Үгедей әулетінің шеккен залал Шағатайлықтармен салыстырғанда әлдеқайда көп болды. Үгедей ұлысының құрылымы жойылып, көптеген көрнекті өкілдерінен айырылды, әскер басшыларымен қоса. Алайда, Қайду өзінің саяси және әскери шеберлігінің арқасында Орта Азияда Үгедей әулетінің патшалығын құрып, Мөңкенің інісі әрі мұрагері Ұлы хан Құбылай (1260-94) мен оның ізбасары Тәмур Олджәйтудың (1294-1307) күшті қарсыласына айналды».

Әдебиеттер

- Biran, M. (1997). *Qaidu and the rise of the independent Mongol state in Central Asia*. Richmond: Curzon.
- Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. (2007). 9 том: V-III. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы.
- Дулати, А. (2023). Қайду хан мемлекеті. Шыңғысхан, (2), 11-30 бб.
- May, T. M. (1998). Review of *Qaidu and the rise of the independent Mongol state in Central Asia* by Michal Biran. *Mongolian Studies*, 21, 87-89.
- Lane, G. (1999). Review of *Qaidu and the rise of the independent Mongol state in Central Asia* by Michal Biran. *Bulletin of the School of Oriental and African Studies*, 62(3), 589-590.
- McGill, E. (1999). Review of *Qaidu and the rise of the independent Mongol state in Central Asia* by Michal Biran. *Journal of Song-Yuan Studies*, (29), 202-214.
- Tucker, E. (2000). Review of *Qaidu and the rise of the independent Mongol state in Central Asia* by Michal Biran. *International Journal of Middle East Studies*, 32(2), 284-286.
- Kara, G. (2000). Review of *Qaidu and the rise of the independent Mongol state in Central Asia* by Michal Biran. *Journal of the American Oriental Society*, 120(1), 139-140.